**1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы құрметіне арналған Астана және Москва қалаларындағы әскери парадқа қатысу үшін Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 321 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасынының 2005 жылғы 10 мамырда N 13-1-07 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі N 595 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 03.04.2013 N 595 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-II Заңының 31 -бабы 1-тармағындағы 14) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1173 қаулысымен бекітілген 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар Жоспарының 30, 41-тармақтары негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы құрметіне арналған Астана және Москва қалаларындағы әскери парадқа қатысу үшін Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережесі бекітілсін.

2. Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі(Н.Н.Кушталова) алушылардың жеке шоттарына қаражат аударуын әлеуметтік көмектің тағайындау арқылы қамтамасыз етсін.

3. Петропавл қаласының қаржы басқармасы (Г.И.Дорофеева) қала бюджетінде бекітіліп бөлінген қаражат шегінде әлеуметтік көмегін қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н.Құлжановаға жүктелсін.

*Қала әкімі*

Қала әкімдігінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 321 қаулысымен бекітілген

## 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы құрметіне арналған Астана және Москва қалаларындағы әскери парадқа қатысу үшін Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережесі

1. Осы Ережелер Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері ( бұдан әрі - соғысқа қатысушылары) Астана және Москва қалаларындағы әскери парадқа қатысулары үшін бірыңғай түріндегі киім сатып алуға, жол жүру ақысын , мейманханаға және тамақтануға төлеу үшін біржолғы әлеуметтік көмек көрсету тәртібін айқындайды.

2. Біржолғы әлеуметтік көмек, бекітілген делегаттар тобының тізіміне сәйкес соғысқа қатысушыларына көрсетіледі.

3. Әлеуметтік көмектің мөлшері делегация тобының (қосымша берілген) жол жүру үшін бекітілген тұтыну қаражаттарына сәйкес белгіленеді.

4. Біржолғы әлеуметтік көмек төлеу, заңнамадағы белгіленген тәртіппен, алушылардың ашқан жеке шоттарына сомаларды аудару үшін, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің берген ведомосінің негізінде, келісім шарт жасалған екінші деңгейдегі банкілер арқылы іске асырылады.

5. Соғысқа қатысушыларға біржолғы әлеуметтік көмегінің қаржыландырылуы "Жергілікті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек" 007-000 жіктеу қызметтік коды бойынша іске асырылады.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы құрметіне арналған Астана және Москва қалаларындағы әскери парадқа қатысу үшін Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Ережесіне қосымша

## 1941-1945 жылдардағы ҰОС Жеңістің 60 жылдығын мейрамдау үшін Астана және Москва қалаларына делегацияның баруына қажетті қаржылардың Есептемесі

| | Бағасы (мың теңге) | Адам саны | Тәулік саны, ары-бері жол жүру | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| **Москва қ.** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Костюм | | | | 10,00 |
| Жейде | | | | 2,00 |
| Туфли | | | | 4,00 |
| Галстук | | | | 0,50 |
| Бас киім | 10,00 | 1 | | 2,50 |
| Жиынтығы | 2,00 | 1 | | 19,00 |
| Қонақ үйде тұру | 4,00 | 1 | | 27,50 |
| Тамақтану | 0,50 | 1 | | 10,00 |
| Жол-азық жиынтығы | 2,50 | 1 | | 2,00 |
| Қала ішінде көлікпен жүру | 5,50 | 1 | | 5,00 |
| Қалаға дейін жол жүру | 2,00 | 1 | 5 | 21,48 |
| (ары және бері) | 2,00 | 1 | 5 | 65,98 |
| жиынтығы | 1,00 | 1 | 5 | **84,98** |
| **Барлығы (Москва қ.)** | 10,74 | 1 | 2 | 70,00 |
| **Астана қ.** | 10,0 | 7 | 5 | 14,00 |
| Костюм | 2,0 | 7 | 5 | 28,00 |
| Жейде | 4,0 | 7 | 5 | 3,50 |
| Туфли | 0,5 | 7 | | 17,50 |
| Галстук | 2,5 | 7 | 2 | 133,0 |
| Бас киім | 3,5 | 7 | | 122,5 |
| Жиынтығы | 1,5 | 7 | | 52,50 |
| Қонақ үйде тұру | 2,0 | 7 | | 14,00 |
| Тамақтану | 0 , 5 | 7 | | 17,50 |
| Жол-азық жиынтығы | | | | 49,00 |
| Қала ішінде көлікпен жүру | 3,5 | 7 | | 255,5 |
| Қалаға дейін жол жүру (ары-бері) | | | | **3 8 8 , 5** |
| жиынтығы | | | | **55,5** |
| **Барлығы (Астана қ.)** | | | | **473,5** |
| **Бір адамға шығын (Астана қ.)** | | | | |
| **8 адамға шығындардың жиынтығы** | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК